

ӘОЖ 902(4/9); МҒТАР 03.41.91

<https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.24>С.Т. ПӘРМЕНҚҰЛ¹, Б.С. СИЗДИКОВ²✉¹Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің ғылыми қызметкері
(Қазақстан, Шәуілдір), e-mail: turlibek_80@mail.ru²PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доцент м.а.
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz
<https://orcid.org/0000-0001-8115-5810>**СЫРДЫҢ ОРТА АҒЫСЫНЫҢ КӨНЕ АТАУЛАРЫ, АҢЫЗДАРЫ МЕН БАЙЫРҒЫ
ҚАЛАЖҰРТТАРЫНЫҢ ҚЫСҚАША ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ**

Аңдатпа. Сырдария алқабы Орталық Азиядағы көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан халықтар мен отырықшы егін шаруашылығымен айналысқан халықтардың арасындағы табиғи шекара болып табылуды. Себебі Сырдария өзенінің бойында ежелгі қоныстар мен тұрақтардың, қалажұрттардың көптеп орналасқандығынан және отырықшы халықтардың аталмыш алқапта тығыз қоныстанғандығынан, Сыр бойы Орталық Азиядағы көшпенді халықтар мен отырықшы халықтардың арасындағы табиғи шекара болып табылуда. Мақалада Нарын мен Қарадария өзендерінің Ферғана қазаншұңқырында қосылған жерінен бастау алып Арал теңізіне келіп құятын Сырдария өзенінің орта ағысының жоғарғы бөлігінде орналасқан қалажұрттар зерттелді. Түркістан облысына қарасты Шардара, Арыс және Отырар аудандарында орналасқан Шардара, Жаушықұм, Сүткент, Байыркұм, Отырар және Құйрықтөбе сынды ортағасырлық қалажұрттар мен жер-су атауларының көне этимологиялық атаулары зерттеліп, ғылыми талдау жасалынды. Осы мақсатқа орай, авторлар тарихи жазбаша деректер мен археологиялық деректерді зерттей отырып, аталмыш қалажұрттарды сипаттай отырып жүйелі түрде түсіндіруге тырысады. Мақалада жоғарыда аталған қалажұрттарда жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесін насихаттап, туристік бағыттағы ескерткіштер қатарына қосу үшін көпшілік назарын аудару көзделеді. Сонымен қатар, жоғарыда аталған қалажұрттарды зерттеп, ғылыми айналымға енгізуге талаптанады.

Кілт сөздер: Сырдария, Шардара, Отырар, Жаушықұм, Сүткент, Байыркұм, ортағасыр, қалажұрт.

S.T. Parmenkul¹, B.S. Sizdikov²¹Researcher of the Otyrar State Archaeological Museum-Reserve
(Kazakhstan, Shaulder), e-mail: turlibek_80@mail.ru²PhD, Acting Associate Professor of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz**A Brief History of Research of Ancient Settlements and Myths, Ancient Names
of the Middle Flow of Syrdarya*****Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Пәрменқұл С.Т., Сиздиков Б.С. Сырдың орта ағысының көне атаулары, аңыздары мен байырғы қалажұрттарының қысқаша зерттелу тарихы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2022. – №1 (123). – Б. 279–291. <https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.24>

***Cite us correctly:**

Parmenkul S.T., Sizdikov B.S. Syrdyn orta agysynyn kone ataulary, anyzдарy men baiyrgy qalajurtтарынын qysqasha zerttelу tarihy [A Brief History of Research of Ancient Settlements and Myths, Ancient Names of the Middle Flow of Syrdarya] // *Iasauі universitetinin habarshysy*. – 2022. – №1 (123). – B. 279–291. <https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.24>

Abstract. The steppes of the Syrdaria are the natural boundary between the nomadic peoples of Central Asia and the peoples involved in sedentary agriculture. Due to the large number of ancient settlements and settlements on the Syrdaria River and the dense population of the settlers in this area of Syrdaria is a natural boundary between nomadic and sedentary peoples of Central Asia. The article begins with the confluence of the Naryn and Karadaria rivers in the Fergana basin and ends with several tributaries: the Incardarya and Janadarya rivers, as well as the main tributary of the Syr-Darya, draining into the Aral Sea. Medieval cities and toponyms such as Sutkent and Bairkum were also studied and scientifically analysed. To this end, the authors investigated written information and archaeological sources, and made an attempt to systematically characterize the named settlements. The article attempts to attract the attention of the general public to the archaeological study, popularization of the named monuments in order to include the monuments in the list of tourist sites, the introduction of monuments into scientific circulation.

Keywords: Syrdaria, Chardara, Otrar, Jaushykum, Sutkent, Bairkum, medieval, settlement.

С.Т. Парменкул¹, Б.С. Сиздиков²

*Научный сотрудник Отрарского государственного археологического музея-заповедника
(Казахстан, Шаульдер), e-mail: turlibek_80@mail.ru*

*²PhD, и.о. доцента Международного казахско-турецкого университета
имени Ходжи Ахмеда Ясави (Казахстан, г. Туркестан), e-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz*

Краткая история изучения древних названий, легенд и древних городищ среднего течения Сырдарьи

Аннотация. Долина Сырдарьи издревле являлась естественной границей между разными областями Центральной Азии, располагалась на стыке между кочевой и земледельческой культуры Средней Азии. В этом районе зафиксировано большое количество древних поселений, стоянок, городищ, известно, что в древности регион был густо заселен оседлоземледельческим населением. В статье исследуются поселения верхней части среднего течения Сырдарьи, берущей начало в месте слияния рек Нарын и Калдария в Ферганской котловине и впадающей в Аральское море. Также анализируется этимология топонимов и поселений, расположенных в современном Шардаринском, Арысском районах: это, Шардара, Жаушыкум, Суткент, Байыркум. С этой целью авторами исследованы письменные сведения и археологические источники, сделана попытка системной характеристики названных поселений. В статье предпринята попытка привлечь внимание широкой общественности к археологическому изучению, популяризации к названным памятникам с целью включения памятников в список туристических объектов, введения памятников в научный оборот.

Ключевые слова: Сырдарья, Шардара, Отырар, Жаушыкум, Суткент, Байыркум, средневековье, поселение.

Кіріспе

Бізге көнеден жеткен атаулардың шығу, пайда болу тарихы мен олардың бастапқы тарихи мағынасын ашу, салыстырмалы, типологиялық және лингвистикалық тұрғыда талдап зерттеудің маңызы зор және олар бүгінгі күні кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып табылуда.

Көнеден жеткен жер-су атауларының шығу тарихын зерттеуде тарихи оқиғалар мен тайпалардан бөлек, жер бедерінің географиялық орналасу процесі де бізге көптеген мағлұмат береді және осы жерді мекендеген халықтардың шығу тарихы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайы басты назарда болуы шарт.

Шардара және Арыс аудандарының территорияларында орналасқан Шардара, Жаушықұм, Сүткент, Байыркұм сынды ортағасырлық қалажұрттар жайында аз айтылып, аз жазылып жүрген жоқ. Аталған қала орындарына өткен ғасырдың басы мен орта шегінде бірсыпыра зерттеу жұмыстары жүргізілгенімен қалажұрттардың маңызы мен толық сипаты ашылмаған, яғни, кешенді түрде зерттеу жүргізілмеген. Бұл зерттеу жұмысымыздың мақсаты О.А. Руднев, А.Н. Бернштам, А.Г. Максимова, М.С. Мершиев, Б.И. Вайнберг, Л.М. Левина, Е.И. Агеева, Г.И. Пацевичтердің еңбегін жоққа шығару емес, керісінше, археолог-ғалымдардың өткен ғасырда салып кеткен жол сорабын жаңғырту, қазіргі таңда назардан тыс қалып отырған бірегей объектілерге көпшілік назарын аудару болып табылады.

Мақаланы жазудағы басты мақсат – жоғарыда аталған қалажұрттарды археологиялық тұрғыда зерттеу, насихаттау, туристік бағыттағы ескерткіштер қатарына қосу. Бұл жерде тек қазба жұмысын жүргізіп қана қоймай, заманауи технологияларды қолдана отырып, ашық аспан астындағы музейге айналдыру арқылы туризмді дамытуға мүмкіндік мол.

Зерттеу әдістері

Мемлекетіміздің тарихи қалыптасуында Сырдарияның ортаңғы ағысында орналасқан ежелгі Шардара, Отырар, Жаушықұм, Сүткент және Байыркұм сынды қалалардың алар орны ерекше. Себебі, аталмыш қалаларда алғашқы қалалық мәдениет қалыптасып, Ұлы Жібек жолы бойындағы маңызды ірі орталықтардың біріне айналды. Жоғарыда аталған қалалардың ежелгі және ортағасырлық тарихымыздың қалыптасуындағы рөлін анықтау мақсатында археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Ортағасырлық жазба деректерді археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерімен салыстыра отырып, қалалардың пайда болу, даму және құлдырау кезеңдері, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері мен даму заңдылықтары анықталуда. Сырдария өзенінің орта ағысында орналасқан қалалардың тарихи кезеңдер бойынша жазба деректер топтастырылып, ғылыми тұрғыдан талдау жасалуда. Сонымен қатар, археологиялық материалдарды зерттеу, өңдеу және талдау әдістемесін, оның ішінде заманауи технологиялар мен қазіргі кезде жүргізіліп отырған зерттеу нәтижелерін пайдалана отырып ескерткіштің өткен тарихы жазылуда.

Талдау

Бастауын Нарын мен Қарадария өзендерінің Ферғана қазаншұңқырындағы қосылған жерінен бастау алатын Сырдария өзені туралы алғашқы дерек Геродоттың «Әлем картасы» еңбегінде «Аракс» деген атаумен берілген (1-карта).

Сырдария өзенінің көне атауларының этимологиясы қалыптасып қойған. Ортағасырлық жиһанкездер мен тарихшылардың еңбектерінен Сырдария өзені Сейхун, Яксарт, Сырсу атауымен белгілі болса, тарих ғылымдарының докторы, профессор Уахит Шәлекенов «Авеста» кітабына жүргізілген зерттеулерінде Ранхы өзенін Сырдарияның төл атауы деген пікір келтіреді [1, 37-б.]. Көне гректерден жеткен мәліметтен өзенді «Яксарт» атауымен кездестіреміз. «Yakhsha Arta», яғни, «Үлкен маржан» атауымен белгілі бұл өзенді Гай Лэ Стрэнждің «Шығыс халифат елдері» тақырыбында жазылған еңбегінде Сырдария өзенін жергілікті халық «Шаш» өзені деп атайтындығын, ал, XIV ғасырда моңғолдар бұл өзенді Гүлзариян деп атағанын жазады. Ал, түріктердің қойған атауы Сырсу болса, шығыс деректерінде «Сейхун» деген атпен аталғаны айтылады [2, 23-б.]. «Сейхун» атауының қолданыстан шығуы моңғол шапқыншылығымен байланысты болуы мүмкін. Бізге белгілісі бұл өзен моңғол шапқыншылығынан кейінгі жазылған еңбектерде Сырдария атауымен кездеседі.

Археолог-ғалым М.Б. Қожаның «Ортағасырлық Отырар: Аңыздар, Деректер, Зерттеулер» тақырыбында жарық көрген еңбегінде Сырдария өзені мен оның ескі арналары туралы аңыз-әфсаналар жинақталып, көптеген құнды деректер келтірілген [2, 20–25-бб.].



1-карта – Геродоттың Әлем картасы

Ұлы Жібек жолының күре тамыры саналған бұл атырапта бір кездері қалалық мәдениет жақсы дамығанын осы өңірде тығыз орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштерден көре аламыз. Көптеген тарихи оқиғалардың куәсі болып, бір кездері Кенджида, Тарбанд-Фараб, Шаш, Шавгар уәлаяттарына бөлінген ұланғайыр атырап қазіргі таңда Шардара, Арыс, Отырар, Түркістан сынды әкімшілік-аумақтық бөліністерге бөлініп отыр.

Көнеден жеткен бастапқы географиялық атаулар мен географиялық терминдердің фонормологиялық тұлғасын қазіргі Шардара, Арыс, Отырар, Түркістан өңірлеріне қатысты кездесетін жаңа атаулармен байланыстыру мүмкін емес. Көне атаулар сол уақытта осы жерді мекендеген тайпалардың тілімен айтылып, бүгінгі күні қолданыстан шығып қалса да тарихи деректерде ара-тұра кездесіп қалатын географиялық атаулар таза, дербес күйінде бізге жетіп отырғаны шындық. Бұған Отырар өңірінен кездесіп отырған оғыздарға тән жер, су атаулары дәлел бола алады. Бұл жайында өз кезегінде бөлек айтылатын болады. Ел арасында сақталып отырған этимологиялық атаулардың шығу негізін анықтауда тарихи оқиғалар мен осы жерді мекендеген тайпаларға тиесілі ішкі тілдің заңдылықтарымен байланыстыра отырып зерттеу қажет секілді.

Көнеден жеткен Шаш, Тарбанд-Фараб, Кенджида, Шавгар атауларының этимологиялық талдауларына тоқталатын болсақ, бұл жерде тарихи-салыстырмалы және географиялық атауларға зерттеу жүргізу арқылы жоғарыда аталған атаулардың шығу тарихы мен пайда болған уақытын анықтауға болады.

Сырдария өзенінің жоғарғы ағысы, яғни, қазіргі Ташкент өңірі саналатын Шаш уәлаятты туралы Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелерінің I томында біршама толымды сипаттама берілген және бұл жерде Шаш уәлаятты жеке мемлекет ретінде аталады [3, 26–42-бб.].

Сонымен бірге, Суйшу, Бейшу және Таншу деген қытай жылнамаларынан «Ши» немесе «Чеши» атауын кездестіруге болады. Бұл жерде қытай жиһанкесінің қалдырған дерегінен біз сипаттап отырған Шаш, яғни, Ташкент қаласы мен осы өңірде орналасқан қалаларды жазғанын көре аламыз.

Араб географы XIII ғасырда жазған географиялық сөздігінде «Сейхунның арғы жағындағы Тұрарбанд қаласы Мәуереннахрға іргелес, Шаштың ең алыс орналасқан қалаларының бірі. Оның халқы оны Тұрар және Отырар деп әрқилы атайды» деген дерек жазып қалдырған [4, 14-бб.].

Ал, Отырар энциклопедиясында «Шаш, Чач — Сырдария өзенінің оң жағы, Шыршық өзенінің алабындағы ертедегі тарихи облыс. «Чач» атауы Сасани әулетінің патшасы I Шапурдің (б.з. 262 ж.) жазбаларында, ал «Шаш» атауы Арабтардың Орта Азияны жаулап алған кезіндегі араб тіліндегі жазбаларында кездеседі. 712–13 жж. Шашты арабтар талқандады. Бұл кездегі араб тіліндегі жазба дерек көздерінде Тарбан Шаштың астанасы ретінде белгілі болған. Араб тарихшысы ол Белазуридің шығармасында Арабтардың 712 ж. Самарқандты жаулап алған кезінде Тарбан туралы мәлімет айтылады. Сол кезде араб қолбасшысы Кутейба Самарқандты қоршап, мұнда бірнеше рет соғысты. Соғды патшасы Тарбанда тұрған Шаш патшасына хат жазған. Басқа авторларда Тарбан Тұрарбанд атауымен берілген. Бұл «Отырар қаласының көне атауларының бірі (Якут ал-Хамауи). Самани әулетінің мемлекеті құрылғаннан кейін Шаш оның негізгі облыстарының бірі болды» деген дерек келтірілген [5, 372-б.]. Бұдан біз Тарбанд-Отырар қаласының бір кездері Фараб уәлаятымен қанаттас жақтан Шаш өңіріне билік еткенін білеміз. Шаш облысының бөлек уәлаят ретінде аталуы Бинкент (Ташкент-Тас қала) қаласының құрылуымен байланысты болса керек.

Фараб уәлаяты дегенде орталығы Отырар қаласы болып ұланғайыр атырап көз алдымызға келеді (1-сурет).

Арабтілді деректерде Тарбанд Шаш мемлекетінің астанасы деп жазылады. Тарихшы әл-Белазури Самарқанды 712 жылы арабтардың жаулауын айта келіп: «Самарқанды Құтып (Кутейба) қоршап алып, бірнеше рет текетірес қақтығыстар болды. Соғды патшасы Тарбандта тұратын Шаш патшасына хат жазды» деп жазды [4, 14-б.]. Бұдан VII–VIII ғғ. аралығында Тарбанд, Шаш уәлаяттары біртұтас мемлекет болғанын білуге болады.




1-сурет – Отырар қалажұртының әуеден көрінісі

VIII–IX ғғ. аралығында бұл территория Тарбанд атауымен белгілі болып келді. Тарбанд атауын, сонымен қатар, Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми мен Ахмед ибн Яхья әл-Балазуридің еңбектерінен кездестіруге болады және М.Б. Қожаның зерттеулерінен Отырар өңірі мен оның көне тарихы, аңыз-әфсаналары туралы толымды мағлұмат алуға болады [2, 238-б.].

Қожатоғай өңірінің тумасы, жергілікті өлкетанушы Еркебай Бүрлібаевпен болған сұхбатта Тарбан, Тарбанд атауын оғыздардан қалған деген пікірін алға тартады (сұхбаттасқан С. Ахмет, С. Пәрменқұл). Көпшілікке мәлім Отырар өңірін X–XI ғғ. аралығында оғыз тайпасы мекендегені белгілі. Бұған ел арасында сақталып отырған ауыз-екі аңыз-әңгімелер мен оғыздарға тән жер-су атаулары және осы өңірде жүргізілген зерттеулер нәтижесінде қол жеткізілген заттай деректер дәлел бола алады. Сонымен, зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, X ғасырдың соңы, XI ғасырдың бірінші жартысында қыпшақ тайпасы тарапынан жүргізілген жаулап алу нәтижесі оғыздардың бұл жерден көшіп, қазіргі Түркіменстан жеріне қоныс аударуына әкеліп соқтырды. Е. Бүрлібаевтың айтуынша, осы тайпаның «Тарбан» атты музыкалық аспабы болған екен. Арыстанды-Қарабас желінің өтінде тұрған қаланың құрылысынан, яғни, мұнаралары мен күмбездерінен қатты жел тұрған күні тарбан аспабының үніне ұқсас үн шығатын болған. Осы себепті Тарбан-Тарбанд атауы «Әуезді қала» мағынасын береді деген пікірін ортаға салады.

Ал, Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелерінің II томындағы Күлтегін бітіктасында «Кену Тарман» атауы кездеседі және сілтемеде Кену Тарман – Түркі елінің батысындағы жер атауы. Нақты қай жерді атағаны белгісіз, алайда, С.Г. Кляшторный Отырар маңындағы Тарбанд, Дербенд болуы мүмкін деген пікірді қалыптастырды [6, 69-б.; 16, 142–155-бб.].

X ғасырдан бастап жазылған еңбектерден бұл территория Фараб уалаяты деген атаумен кездесе бастады. X ғасырда жазылған «Худуд ал-Алем» атты еңбектен «Параб – бай уалаят, оның бас қаласы Кедер деп аталады» - деген мәліметті кездестіруге болады [2, 123-б.]. Бұл жердегі Кедер қаласы қазіргі Қоғам ауылының солтүстік-батысынан 2,5 км жерде орналасқан Құйрықтөбе қалажұртымен сәйкес келеді (2–3-суреттер).



2-сурет – Кедер (Құйрықтөбе) қалажұртының топографиясы

Кедер қаласын X ғасырда оғыздар салған және бұл қала Отырар (Фараб) қаласымен жарыса кеңейіп өсті [4, 21-б.; 7, 37–38-бб.]. Кедер қалажұртының астаналық дәрежеде болғанын әл-Истахридің 933 ж. шамасында жазылған «Жолдар мен елдер» атты еңбегінен де кездестіруге болады. Аталған еңбектің XI–XII ғғ. жасалған парсы аудармасында «Кедер Фарабтың бас қаласы... Васидж де Фараб қалаларының бірі ... Фараб бұл өлкенің аты. Оның ұзындығы бір күндік жол. Алайда барлығы бекіністі. Өлке таулы болып келеді. Оның шетінде Шаш өзенінен суландырылатын жазық бар» деген құнды мәліметтер сақталған [8, 56–58-бб.]. Құйрықтөбе сонымен қатар, Отырар өңірінен анықталған ең ежелгі мешіттің табылуымен де танымал болып отырған қала.



3-сурет – Кедер (Құйрықтөбе) қалажұртының әуеден көрінісі

Жер атауының өзгеруіне ықпал ететін негізгі күш ұлы қоныс аудару десек, қате айтпаған болар едік. Өйткені бұған дейін, яғни, IX ғасырға дейінгі жазылған еңбектерде Тарбан, Тарбанд атауымен берілген болса, оғыз тайпасының келуімен қатар Фараб атауы да пайда болуы мүмкін деген пікір қалыптасып отыр.

Бір деректерде Фараб не Бараб деген жер атауы соғдының Параб, яғни «өзеннің арғы жағалауы», «өткел орны» деген сөзінің арабтық графикалық үлгісі болып табылса, А. Әбдірахмановтың пікіріне сүйенсек, Фараб сөзін Иранның Пуроб, яғни «суы мол, сулы жер» дегенінен тарайды екен [2, 29-б.; 15, 287-б.].

Қазіргі Отырар ауданының орталығы саналатын Шәуілдір атауы туралы ел арасында бірқатар аңыз нұсқалары сақталғаны белгілі. Бұл жерде жергілікті халықтың арасына кеңінен тараған аңызға сүйенсек, оғыз билеушісі Шаншар ханның қызы Дүрия мен батыр жігіт Шәмілге байланыстырып, бастапқыда Шәміл-Дүрия деп екі ғашықтың құрметіне аталған екен. Шәміл-Дүриядан Шәмілдүр, уақыт өте Шәуілдір аталып кеткен дейді [2, 94-б.]. Аңыз тарихи дереккөз ретінде қарастырылмайды және жергілікті халықтың дүниетанымына орай өзгеріске ұшырап отыратын құбылыс екендігі белгілі. Алайда, ортағасырлық тарихшы Махмуд Қашғаридің еңбегінен Шәуілдір атауына сәйкес келетін қызықты мәліметті кездестіруге болады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Сырдың орта және төменгі ағысын IX–X ғасыр аралығында Оғыз тайпасы мекендегені белгілі. X ғасырдың бірінші жартысы мен XI ғасырдың басында қыпшақ тайпаларымен болған ұрыс нәтижесінде ұлы көш орын алып, Сырдарияның орта және төменгі ағысында орналасқан Оғыз тайпалары қазіргі Түркіменстан

жеріне ығыса бастады. Әйгілі ортағасырлық түркі ғалымы М. Қашғаридің еңбегіне сүйенсек, Оғыз Түркі тайпасының бір бөлігіне кіреді екен. Оғыз тайпасы 22 руға бөлінген, әр рудың өзіне тән таңбасы барлығын айтады және оғыз тайпасына жататын Жувалдар руының атауын кездестіреміз [9, 92-б.]. Уақыт өте келе атаудың айтылу, жазылу үлгілері жергілікті халықтың тіліне орай өзгеруі заңды құбылыс. Жоғарыда айтылған пікірлерді қорытындылай келе, Шәуілдір атауына жоғарыда келтірілген Жувалдар (Чувалдар) атауы сәйкес келеді деп пайымдап отырмыз.

Ал, қазіргі таңда айтылып жүрген Отырар атауының қашан пайда болғаны, нақты қандай мағына беретіндігі туралы дерек әлі күнге нақты болмай отырғаны шындық.

Нәтижелер

Ендігі кезекте осы Сырдария өзенінің орта ағысында орналасқан Шардара, Арыс аудандарының территориясында орналасқан ортағасырлық қалажұрттар мен ондағы жүргізілген зерттеулерге назар аударатын болсақ, Шардара, Сүткент, Байыркүм және Мыңтөбе обалы қорымы туралы мәлімет географ А.П. Федченконың 1884 жылы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы суландыру жүйесіне жүргізген зерттеулерінде аталып өтеді [10, 13–14-бб.].

Шардара ауылының оңтүстік шетінде, Сырдың сол жағалауында орналасқан Шардара қалажұртын 1950 жылы А.Н. Бернштам, 1958 жылы Е.И. Агеева, Г.И. Пацевичтердің жетекшілігімен ОҚОАЭ-сы ашып зерттеген болатын (4-сурет) [10, 117-б.].

Қала құрылысы ортағасырлық қалалар тәрізді цитадел, шахристан және рабат бөліктерінен тұрады. Қаланың рабады шағын, солтүстік және солтүстік-батыс бөлігінде ғана орналасқан. Формасы төрткүл тәрізді сопақша, көлемі 120x140 м етіп салынған қала шахристаны ені 14 м келетін ор қоршап жатыр. Шахристанның сақталған биіктігі 4,5–5 м шамасында. Ішкі қамал орны шахристанның ортасында домалақ төбе күйінде сақталған. Қорған-қабырғалары үлкен мұнаралармен бекітілген ішкі қамалға төрт қақпа арқылы кіретін болған.

Қазіргі таңда Шардара атауының шығу тарихы жайында көптеген пікір қалыптасып отыр. Көне грек тіліне сүйенетін болсақ «Дора» сөзінің мағынасы сыйлықты білдірсе керек [11].

Түрік, тәжік және ауған тілінен де Дара – Дара сөздерін кездестіруге болады. Парсы, түрік, тәжік тілдерінде Дара (дара) сөзі сай, жар, тау өзені мағынасын берсе, ауған тілінде де дара – сай, жыра мағынасын береді екен [12, 66-б.]. Бұлардың қатарында парсы тілінен енген «төрт қақпа» мағынасын беретін Шардара атауы жақын болар деп жорамалдап отырмыз. Бір кездері Хиуа мен Бұқараға сапар шеккен керуеннің жолында орналасқан Шардара қалажұрты ірі сауда орталығы болған деген тұжырым жасалуда. Бұл жерде қаланың құрылымына назар аударған және осы арқылы қала атауының тура мағынасын тапқан дұрыс сияқты.

Шардара қаласының солтүстік шетінде, Сырдың оң жағалауында орналасқан Жаушықұм қалажұртын 1958 жылы А.Г. Максимова басқарған ОҚОАЭ-сы ашып зерттеген болатын. 1959 жылы Шардара су қоймасының құрылыс жұмысына байланысты Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты жанынан Шардара экспедициясы құрылып, 1959-1963 жылдары аралығында Е.И. Пацевич бастаған экспедиция археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген болатын [13, 5-б.].

Солтүстіктен оңтүстік бағытында созылып жатқан табиғи қыр үстіне орналасқан Жаушықұм қалажұрты цитадель және рабат бөліктерінен тұрады. Қаланың жалпы аумағы 390x610 м. Ішкі қамалы рабаттың батысында, табиғи қыраттың құлама жар жиегіне жақын орналасқан. Қаланың ішкі қамалы ромбик тәріздес етіп бұрыштары дүние тараптарына қарата салынған, көлемі 60x56 м. Ішкі қамалды ені 10 м келетін ор қоршап жатыр. Бекініс ішіне кіретін қақпа орны солтүстік-шығыс қабырғада орналасқан (5-сурет).



4-сурет – Шардара қалажұртының әуеден көрінісі



5-сурет – Жаушықұм қалажұртының әуеден көрінісі

Қаланың солтүстік-шығыс, яғни, рабад бөлігі XIX ғасыр мазаратына айналған. Қорым ішінде бір деректе Мүлкілі баба, ал, екінші дерек бойынша Мүлік ата деген атпен танымал үлкен кісінің мазараты кездеседі. Араб тілі мамандарының берген түсініктемесіне сүйенсек, Мүлік атауы бізге араб сөздігінен енген, патша немесе билеуші мағынасын беретін «Малик» сөзінің өзгерген нұсқасы деп жорамалдап отырмыз. Жалпы, шет тілінен еніп, жергілікті халықтың табиғи танымына орай бұрмаланған сөздер қазақ тілінде көптеп саналады. Ұзын ата кесенесінің шырақшысы болып 43 жыл қызмет еткен Әділов Манатбек Қуатбекұлынан жеткен аңыздан Бұқарада оқып білім алған, асқан ілім иелері Асан (Ұзын), Бәдір, Сәдір және Асық аталардың қатарында Мүлкіл атын кездестіреміз. Ал, қазіргі Жаушықұм қалажұртына


қойылған Мүлік (Мүлкілі) ата бейіті көне түркі дәуірінің обалары тәрізді тас пен топырақтан солтүстіктен оңтүстік бағытында сопақша етіп үйілген. Диаметрі 12 м, биіктігі 1 м шамасында.

Қаланың мазаратқа айналған тұсында жер бетіне шығып қалған таңбалы саз ыдыстардың көптігіне қарап бұл жерде бір замандары үлкен құмырашылар мектебі қалыптасқаны және әр шебердің өзіне тән таңбасы болғандығын байқауға болады.

Қалаға жүргізілген қазба барысында алынған керамикалық материалдарға жүргізілген сараптама нәтижесі Қауыншы, Отырар-Қаратау және Жетіасар мәдениетімен сәйкестендірілген. Сонымен қатар, қыш бұйымдарды ерте ортағасырлық Ташкент оазисінің Соғды мәдениетімен де байланыстырып сипаттайды [13, 113-б.].

Шардара ауданына қарасты Сүткент қалажұртын 1900 жылы Н.В. Руднев [10, 15-б.], 1949 жылы А.Н. Бернштам бастаған ОҚО археологиялық экспедициялары зерттеді. Сүткент қалажұрты туралы X-XV ғасырдың жазба деректерінде кездеседі. X ғасырда Ибн-Хаукаль «қалада мешіт бар, оған көптеген түркі тайпалары келеді» деген дерек қалдырған. Сүткенттің аты XI ғасырдың соңынан XV ғасырдың басына дейінгі деректерде кездеспейді. Тек 1404–05 жж. Әмір Темірдің Отырарға жорығы кезінде қайта аталады [14].

Жергілікті халық Сүткент қаласын Шыңғысхан төбе деп те атайды екен. Ел арасында сақталған аңызға сүйенсек, Шыңғысхан Қазақстанның оңтүстігін жаулап алғаннан кейін Сырдарияның сол жағалауы арқылы Хорезмге сапар шегіпті. Осы жолда Шыңғысхан әскерімен біршама уақыт ат тынықтырып, күш жинаған екен.



6-сурет – Сүткент қалажұртының жобасы

Қаланың құрылымы өте күрделі. Рабады үлкен, көлемі 860x876 м. Айналыра қорған-қабырға тұрғызылып, ені 18–23 метр келетін ормен қоршалған. Қаланың цитаделі рабадтың батысында орналасқан. Айналасы ормен қоршалған ішкі қамалдың формасы төрткүл тәріздес, бұрыштары дүние тараптарына қарата салынған. Көлемі 145x161 м. Қалаға төрт жағынан кіретін қақпа болған. Әр қақпаның екі жағында үлкен мұнара орындары сақталған. Спутниктік түсірілім арқылы қаланың рабад бөлігіне кіретін негізгі қақпа орнын солтүстік-шығыс қабырғада болғанын байқауға болады. Бұл жерде ордың сыртқы жиегінде дм-рі 20-22 м келетін екі мұнара орны сақталған. Қалаға жүргізілген зерттеу жұмысы барысында көптеген құнды материалдар алынған (6-сурет).

Ал, Арыс ауданының территориясында орналасқан Байыркұм қалажұртын алғаш рет 1900 жылы О.А. Руднев зерттеді [10, 15-б.]. Кейінірек, яғни, 1948–1949 жылдары аралығында А.Н. Бернштамның жетекшілігімен Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы қазба жұмысын жүргізді.

Байыркұм салыну формасы күрделі, айналдырыла ормен қоршалған үлкен рабады бар қала орны болып саналады. Рабады орымен қоса алғанда 287х396 м. Рабадты қоршап жатқан орының ені 15–19 м аралығында. Ішкі қамалы рабадтың оңтүстік-шығысына таман орналасқан. Формасы төрткүл тәріздес етіп салынған орталық айналдырыла ормен қоршалған. Ішкі қамалдың қорғандары айналдырыла 8 мұнарамен бекітілген. Ішкі қамалдың солтүстік-батысында көлемі 60х182 м келетін су қоймасы орналасқан (7-сурет). Жинақталған материалдарға қарағанда, б.з.б. I ғасыр мен б.з. VIII ғасыры аралығында салынған қала екендігі белгілі болған.



7-сурет – Байыркұм қалажұртының әуеден көрінісі

Қорытынды

Қорытындылай келе, Отырар, Құйрықтөбе сынды Отырар өңірінде орналасқан әйгілі қалажұрттардан басқа, Шардара, Сүткент, Байыркұм сынды Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі орталықтардың бірі ретінде танылған қала орындары археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын қажет ететіндігін айтқымыз келеді. Қазіргі таңда өткен ғасырда жүргізілген зерттеу жұмыстары туралы мәлімет аз, болса да толық емес. Шардара, Байыркұм және Сүткент қалажұрттарының осы уақытқа дейін жергілікті халықтар тарапынан қазылып, бұзылмағаны бір жағынан қуантса, екінші жағынан Жаушықұм қалажұртының айналасы XX ғасырдың мазаратына, Аққала қалажұртының айналасы тұтасымен егістікке айналуы көңіл қынжылтады. Яғни тарихи-мәдени мұраларымыздың сақталуы нашар, мәдени қабаттары бұзылу қауіпінде тұр.

Алдағы уақытта үкімет тарапынан көңіл бөлінсе, аталған ескерткіштерге кешенді түрде зерттеу жүргізіліп, Отырар, Түркістан, Тараз қалалары тәрізді ашық аспан астындағы мұражайға айналдырылса туризмді дамытуға тың серпін берері және өңір тарихы жаңа тың деректермен толыға түсері сөзсіз.

Ғылыми-зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде Сырдария бойындағы ортағасырлық ірі қалалардың көне этимологиялық атаулары зерттеліп, ескерткіштердің тарихи кезеңдер бойынша атаулары анықталды. Сонымен қатар, ортағасырлық жазба дереккөздерін, өлкетанушылар мен археологтардың зерттеулерімен салыстыра отырып, ескерткіштердің тарихи маңыздылығы және архитектуралық ерекшеліктері анықталды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шәлекенов У. Өнегелі өмір. Ш. 33. / бас редак. Г. Мұтанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 500 б.
2. Қожа М.Б. Ортағасырлық Отырар: аңыздар, деректер, зерттеулер. – Түркістан: Тұран, 2006. – 238 б.
3. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. I том / бас редак. М.А. Құл-Мұхаммед. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 396 б.
4. Байпақов К.М. Ежелгі және ортағасырдағы Отырар. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 248 б.
5. «Отырар» энциклопедиясы. – Алматы: Арыс, 2005. – 372 б.
6. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. II том / бас редак. И.Н. Тасмағамбетов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 397 б.
7. Сералы Н.О., Сиздиқов Б.С. Оғыз тайпаларының діни наным-сенімдері // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2021. – №2(120). – Б. 30–40. <https://doi.org/10.47526/habarshy.vi2.604>
8. Сералы Н.О., Сиздиқов Б.С., Сералиев А.А. Фараб оазисіндегі Оғыз мемлекетінің саяси орталықтары // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы. – 2020. – №3(132). – Б. 55–67. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2020-132-3-55-67>
9. Махмұт Қашқари. Түрік тілінің сөздігі (Диани лұғат-ит-түрік). 3 томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Хант, 1997. – 531 б.
10. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из историй оседлых поселений и городов Южного Казахстана. В кн.: Труды института историй, археологий и этнографий. Том-5. – Алма-Ата: Академия наук Казахской ССР, 1958. – С. 147–157.
11. [Электронды ресурс]. URL: <https://kk.wikipedia.org>
12. Бияров Б.Б. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 459 б.
13. Максимова А.Г., Мершиев М.С., Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Древности Чардары (Археологические исследования в зоне Чардаринского водохранилища). – Алма-Ата: 1968. – 264 с.
14. [Электронды ресурс]. URL: <https://kk.encyclopedia.kz/>
15. Пәрменкұл С.Т., Сералиев А., Сиздиқов Б.С., Алмазұлы Ш. 2020 жылы Отырар қалажұртында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №4(118). – Б. 283–297. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.054>
16. Байпақов К.М., Авизова А.К. Тамгообразные знаки на керамике с памятников Отрарского оазиса доарабской эпохи // Поволжская Археология. – 2017. – №3(21). – С. 142–155. <https://doi.org/10.24852/pa2017.3.21.155.167>

REFERENCES

1. Shalekenov U. Onegeli omir / bas redak. Mutanov G. Sh. 33. [Moral life]. – Almaty: Kazak universiteti, 2014. – 500 b. [in Kazakh]
2. Kozha M.B. Ortagasyrlyk Otyrar: anyzdar, derekter, zertteuler [Medieval Otrar: legends, facts, research]. – Turkistan: Turan, 2006. – 238 b. [in Kazakh]
3. Kazakstan tarihy turaly kytai derektemeleri. I tom. / bas redak. Kul-Muhammed M.A. [Chinese details about the history of Kazakhstan]. – Almaty: Daik-Press, 2005. – 396 b. [in Kazakh]
4. Baypakov K.M. Ezhelgi zhane ortagasyrdagy Otyrar [Otrar in ancient and medieval Times]. – Almaty: Kazygurt, 2007. – 248 b. [in Kazakh]
5. «Otyrar» ensiklopediyasy [Otrar encyclopedia]. – Almaty: Arys, 2005. – 372 b. [in Kazakh]
6. Kazakstan tarihy turaly turki derektemeleri. II tom / bas redak. Tasmagambetov I.N. [Turkic details about the history of Kazakhstan]. – Almaty: Daik-Press, 2005. – 397 b. [in Kazakh]
7. Seraly N.O., Sizdikov B.S. Ogyz taypalarynyn dini nanym-senimderi [Religious and religious beliefs of the Oghuz tribes] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2021. – №2(120). – B. 30–40. <https://doi.org/10.47526/habarshy.vi2.604> [in Kazakh]
8. Seraly N.O., Sizdikov B.S., Seraliev A.A. Farab oazisindegi Ogyz memleketinin sayasi ortalyktary [Political centers of the Oghuz state in the farab Oasis] // L.N. Gumilev atyndagy Euraziya ulttyk universitetinin Habarshysy. Tarihi gylymdar. Filosofiya. Dintanu seriiasy. – 2020. – №3 (132). – B. 55–67. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2020-132-3-55-67> [in Kazakh]
9. Mahmut Kashkari. Turik tilinin sozdigi (Diani lugat-it-turik). 3 tomdyk shygarmalar zhinagy. I tom. [Dictionary of Turkish (Diani lugat-it-Turk)]. – Almaty: Hant, 1997. – 531 b. [in Kazakh]
10. Ageeva E.I., Pacevich G.I. Iz istorii osedlyh poselenii i gorodov Yuzhnogo Kazahstana V kn.: Trudy instituta istorij, arheologii i etnografii. Tom-5. [From the history of settled settlements and cities of Southern Kazakhstan]. – Alma-Ata: Akademiya nauki Kazahskoi SSR, 1958. – S. 147–157. [in Russian]
11. [Electronic resource]. URL: <https://kk.wikipedia.org>
12. Biyarov B.B. Zher-su attarynyn sozzhasamdyk ulgileri [Word-forming examples of land-water names]. – Almaty: Memlekettik tildi damytu instituty, 2012. – 459 b. [in Kazakh]
13. Maksimova A.G., Mershiyev M.S., Vaynberg B.I., Levina L.M. Drevnosti Chardary (Arheologicheskie issledovaniya v zone Chardarinskogo vodohranilisha) [Antiquities of Chardara (Archaeological research in the area of the Chardara reservoir)]. – Alma-Ata: 1968. – S. 264. [in Russian]
14. [Electronic resource]. URL: <https://kk.encyclopedia.kz/>.
15. Parmenkul S.T., Seraliev A., Sizdikov B.S., Almazuly Sh. 2020 zhyly Otyrar kalazhurtynda zhurgizilgen arheologiyalyk kazba zhumystarynyn natizheleri [Results of archaeological excavations conducted in the Otyrar settlement in 2020] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2020. – №4(118). – B. 283–297. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.054> [in Kazakh]
16. Baypakov K.M., Avizova A.K. Tamgoobraznye znaki na keramike s pamyatnikov Otrarskogo oazisa doarabskoy epohi [Tamgo-like signs on ceramics from the monuments of the Otrar oasis to the Arab era] // Povolzhskaya Arheologiya. –2017. – №3 (21). – S. 142–155. <https://doi.org/10.24852/pa2017.3.21.155.167> [in Russian]